

**ҰЙҚАС ЖӘНЕ ОЙДЫ ТАҚПАҚТАП БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛ**Жылқыбекұлы Б.<sup>1</sup>, Дәуітұлы Т.<sup>2</sup>, Турсынали Ж.<sup>3</sup>, \*Джелдыбаева Р.Б.<sup>4</sup><sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті Астана, Қазақстан<sup>2</sup>Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, филология институты, қазақ әдебиеті кафедрасы, Алматы, Қазақстан<sup>3,\*4</sup>Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Өлеңтану саласында ұйқастың көркемдік мәні мен ырғақтық міндетін өлең тақырыбынан айқын ажырата алмағандығымыз себепті, өлеңді тануда көптеген қателіктер пайда болды. Ырғақ пен ұйқасқа түскен шумақтардың бәрі бірдей дарынды өлең деп есептелді. Сол негізде өлең өнерінің сыртқы құрылымдық жүйесі, атап айтқанда, буын, бунақ, ырғақ, ұйқас сынды өлеңнің сазды сарынын көрнектілендіретін ерекшеліктері баса назарға алынып, оның суреткерлік, образдылық және бүкпелеу сынды ішкі мәндік ерекшеліктері ойдан қағыс қалып отырды. Сөйтіп қазақ өлең өнерінің дамуы мен өркендеуінде сыңар жақтылы көзқарастар қалыптасты. Төрт жолдың басын ұйқастыра салып, бір шумақ өлеңді дүниеге әкелетін ақын болу үдерісі әдеби шығармашылық майданында көптен бері белең ала бастады. Ондай ақындардың шығармашылығына өлеңнің жоғары көркемдік өлшемі деңгейінде баға беріп, сын айту жоқтың қасы болды. Өйткені өлең теориясының зерттеп-зерделеу бағыты тек өлеңнің құрылымдық ерекшелігіне талдау жасаудан ары аса алмады. Тіпті, қара сөзбен жазылған эсселердің өзін прозалық өлең деушілер де күн сайын молыға түсті. Өлең мен қара сөздің ара жігін ажырата алмайтын ой-пікірлер пайда болды. Көркем әдеби шығармашылықтағы поэтикалық ерекшеліктер туралы көзқарас-түсініктер солғындап, өлеңтануда қарабайыр пайымдар орын ала бастады. Ақындық өнер ретінде емес, кәсіп ретінде, өлең жазу жоғары деңгейдегі шығармашылық емес, «өндіріс» сарынында көзге түсіп отырды. Өлеңтану саласындағы осындай олқылықтарды ескере келе, нақтылы мысалдар мен фактілер негізінде өлеңтану саласына тың өзгерістердің керек екенін ортаға қойған бұл ғылыми еңбек тақпақтар мен сарынды өлеңдердің және эсселердің ерекшеліктеріне ырғақтық негізде талдау жүргізіп, оның өлең өнерінде атқаратын рөліне баса назар аударып, ойды тақпақтап жеткізу барысындағы ырғақтың маңыздылығын бұлтартпас дәлел-фактілер арқылы айқындап береді.

**Тірек сөздер:** Өлең, тақпақ, ұйқас, ырғақ, сарынды өлең, дарынды өлең, лирика, ақындық тұлға, ойды бейнелеу тәсілдері

**Кіріспе**

Әрқандай бір заттың өзіндік түр-түсі, келбет-сипаты, пішін-бітімі болатыны секілді өлеңнің де өзіндік өлшемдері мен құрылымдық жүйесі бар екендігін нақтылы дәлел-дәйектер арқылы көрсете отырып, белгілі бір құрылымдық жүйесіз өлеңнің де дүниеге келмейтіндігін түрлі өлшемдер негізінде түрлерге айырып көрсетіледі. Осы негізде қазіргі қазақ өлең өнерінің дамуы барысында өлеңнің сыртқы өлшемдерінен гөрі, оның ішкі мәндік өлшем өрнектері мен құрылымдық жүйесі өлеңнің сапалық деңгейімен тығыз байланысты болып келетіндігі ашып айтылады. Сондай-ақ қазіргі қазақ өлең өнерінің құрылымдық, стильдік,

**тілдік және тұтынушылық өлшемдері төңірегінде ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы өлең өнерінің оқырмандардың рухани дүниесінен алатын орны мен өлеңде ой-сезімді бейнелеу тәсілдерінің түйткіл тұстарын анықтап беру бұл ғылыми еңбектің басты міндеті.**

Ежелден өлең десе елеңдейтін қазақ қауымы үшін, өлеңсіз өмір сүру, мәнсіз өмір өткізумен бірдей болған. Қазақ халқының күнделікті қуанышы мен қайғы-қасіреті өлең өзегімен бірге өріліп, той-думандар мен жиналыс-басқосуларда өлең айтып, күй тарту ұлтымыздың ұлағатты дәстүріне айналғандығы бәрімізге аян. Тіпті тал бесікке таңылған сарыуыз сәбидің өзі де бесік жырының құлаққа құйылған құдіретімен дүние дүрмегіне көзін тырнап ашып, үніліп, ол дүниеге аттанып бара жатқан маңғаз пенде де жоқтау өлеңнің күйзеліс күйімен аттандырылып, қара жер төсінен алған өзінің мәңгілік жайлы орнына өлең тыңдап жатып, жайғасатын болған. Халқымыздың өлеңге деген, міне, осындай ерекше құштарлығы ғасырлар бойы өзінің дәстүр жалғастығының арқасында Күлтегін сынды бірегей ойшылдар мен Асанқайғы сынды ақылгөй даналарды дүниеге келтірді. Сөйтіп қазақ өлең өнері жыраулық дәстүрмен жалғасып, қазақ хандығының мерейін асқақтата түсумен бірге, батырлық пен ерлікті, отаншылдық рух пен егеменді елдікті баса дәріптейтін алаш ақындарының арынды легін қалыптастырды. Қазақ өлең өнеріндегі бұл алаштық алып тасқын қазан төңкерісінен кейінгі қилы-қилы, құбылмалы, қитұрқы саяси ойындардың кесапатты кесірінен, өзінің арқыраған арынды ағысынан зобалаң сала келген зорлықты, билік күштің кесірінен оңай айрылып қалды. Еліміз егемендік алғаннан соң барып, қазақ өлең өнері өзінің аяғындағы шойын тұсауын, мойнындағы мойылғы ажырғысын сыпырып тастап, жаңаша даму беталысына бет түзей бастады. Осы барыста арындап келе жатқан ақындарымыз бен кейбір әдебиеттанушыларымыз өлең өнерінің нендей өнер құбылысы екендігін меңгере алмай мең-зең болды. Әдебиет ең алдымен идеология үшін қызмет етеді деген қызыл империяның көне көзқарасы біздің талапкер жас буын ақындарымыз емес, тіпті, қолындағы қаламының ұшы қозға айналып, айналасына едәуір таныла бастаған ақындарымыздың миына бұрынғыдай көне сарынмен сіңе бастады. Сондықтан қазақ өлең өнеріне жаңаша түсінік-көзқарас орнату - алаш ақындары жетік меңгерген өлеңдік түсінігімізді таза ұлттық негізде, қайтадан қалпына келтіру қажеттілігі дәл қазіргі күнде туындап отыр. Осы қажеттілік жөнінде егжей-тегжейлі пікір айтып, көзқарас білдіру осы зерттеу жұмысының ең негізгі түйіні болмақ. Сол себепті біз бұл зерттеу жұмысының өзектілігі де дәл осында деп, кесіп айтуымызға болады.

Өлеңтану ғылымының бастау-көзі өте ерте замандардан басталса да, бірақ күні бүгінге дейін өлеңнің нендей өнер құбылысы екендігі жөнінде бір жүйеге келген, ортақ анықтамалық көзқарас әлі күнге дейін қалыптаспай отырғандығы бәрімізді қынжылтады. Өлең өнері туралы әр дәуірде, әр елде әр түрлі түсінік-көзқарастар пайда болды. Тіпті, өлең туралы анықтама беруден бойын аулақ салуға тырысқан көрнекті ақындар мен өлеңтанушылар қаншама! Сондықтан бұл зерттеу жұмысының ең негізгі ғылыми жаңалығы - жалпы қазақ қауымы арасында өлең деген түсінікті тақпақпен шатастырып жүрген

жаңсақ түсінікке тойтарыс беріп, нағыз, дарынды өлең анықтамасының қандай деңгейде қалыптасып отырғандығын айқын көрсетуді қарастыру. Қазақ өлең өнерін басқа танымдық салалармен жан-жақтылы салыстыра отырып, ондағы өлең емес ұғымдарды анықтап шығу, сонымен бірге қазақ өлең өнерінің өзекті өлшемдерін айқындау арқылы, өлеңге қойылатын талап пен талғамды теориялық жақтан бір жүйеге түсіру және қазақ өлең өнеріне жаңаша бір жасампаздық леп пен лек әкелудің ұтымды жолдарын іздеу дәл осы біз тілге тиек етіп отырған ойды тақпақтап бейнелеу тәсілін нағыз өлең шығармашылығынан айырып қарастырумен тікелей байланысты. Сол арқылы өлең деген киелі өнердің ішкі сиқырлы сыры мен мәнді мәйегіне терең бойлау арқылы, қазақ өлең өнерінде өлең деген ұғымның анықтамасының қалыптасу жағын жан-жақтылы қарастыру бұл зерттеу жұмысының басты жаңалығы болмақ.

### **Материалар мен әдістердің сиппатамасы**

Қазақ өлең өнерін зерттеп-зерделеу барысында өлең теориясының негізгі қағидалары мен заңдылықтарынсыз әрқандай бір өлеңнің болмысына баға беру қиынға түсетіні белгілі. Бұл мақала да эне сондай қазақ өлең өнерін өлең теориясы тұрғысынан зерттеу әдісін қолданды. Мақалада өлеңнің түр-пішіні мен мән-мағынасы жақта өлең шумақтарында қолданылған ырғақ пен ұйқасқа қатысты материалдар негізінде өлең теориясында өлең туралы кейбір жаңсақ түсініктердің пайда болу жағы қарастырылып, қазақ ақындарының маңдайалды жырлары мен тақпақ сипатты өлең-жырлары талдап-іріктеліп, олардан мысалдар алынды. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінен бастап өлең теориясын зерттеп-зерделеген ғылыми еңбектердегі өлең туралы ой-пікірлер сарапқа салынды. Сонымен бірге өлең теориясына қатысты ғылыми еңбектер жазған А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев, М. Мырзахметов, С. Негимов, Қ. Мырза Әли және Т. Шапаев қатарлы көрнекті әдебиеттанушы ғалымдарымызбен бірге В. Г. Белинскийдің және қытайдың көрнекті өлеңтанушы оқымыстылары У Сыжин, Хуаң Гаң қатарлылардың поэзия туралы жазылған іргелі еңбектері мен жүйелі ой-пікірлері ғылыми еңбегімізге теориялық және методологиялық негіз болды. Сондай-ақ қытай тілінде жарық көрген өлең өнері туралы дерек көздері мен қытай қазақтарының ақындары және еліміздегі әр деңгейлі ақындардың мерзімді басылымдарда жарияланған өлеңдері мен жыр жинақтары бұл ғылыми еңбегіміздің дерек көзіне айналды. Мақаланы жазу барысында кешенді зерттеу, мәтіндік талдау, ақындық стильді салыстыру және өлең өнерінің мәндік ерекшеліктеріне сипаттама беру қазақ ақындарының өлең ырғағы мен ұйқасты қолдану жағына қарай отырып, олардың қазақ поэзиясындағы шығармашылық орнын белгілеу жағы да бұл зерттеу еңбегінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысында баяндау, талдау әдістерімен қоса, салыстыру әдісі де қолданылды. Әсіресе қазақ поэзия жанрын аталмыш тақырып аясында зерттеудің маңыздылығы ақынның эстетикалық талғамы, стильдік даралығы,

оқырмандардың өлеңнен ләззаттану жақтағы белсенділігі шығармашылықта ерекше орын алатындығы жөнінде нақтылы тұжырым жасалды. Зерттеу барысында өлең эстетикасының көркемдік көкжиегі тарихына ден қойылып, өлең өнерінің міндеттері мен оқырман алдындағы жауапкершілігі де сөз болды. Өлеңдегі ұйқас пен ырғақтың өлең шумақтарында қолданылуы және олардың түршілдік тұрғыда көзге түсу жағы да назарға алынды. Бүгінгі таңда өлең шумақтарындағы ұйқас пен ырғақтың өлеңде қолданылуын жаңаша көзқараспен танып, эстетикалық тұрғыда заманауи қажеттіліктер арқылы сипаттап, қазақ руханиятының құндылықтарын тереңірек сезіну қажет болып отырғаны белгілі. Сондықтан сарынды өлең емес, дарынды өлең өнері бойындағы эстетикалық көзқарас ерекшеліктерін оқырманға түсіндіру қажеттілігі туындап отыр. Сөйтіп бұрынғы өлеңтанушылар мен зерттеушілер жағынан назарға алынбаған кейбір теориялық түйіндерді бұл ғылыми еңбектің бойынан байқауға болады. Өйткені қазіргі заманда өлеңтанудың жаңаша қабылдау түйсігін қалыптастыру жағы басым орынға шығып келе жатқандығы бәрімізге белгілі.

### **Талқылау мен нәтижелер**

«Сөзге қанат байлап ұшыратын, оның салмағын сездіретін әрі сездірмейтін де – ұйқас» [1, 142 б.] екендігі рас. Алайда ұйқас өлеңнің сазды ырғағын күшейтіп, өлеңдегі сезім мен ойдың шоғырлы бейнеленіп, түйінделуіне өте зор көмегін тигізеді. Бірақ ол өлеңнің кем болса болмайтын бірден-бір, ең негізгі ерекшелігі бола алмайды. Өйткені қытай ақыны Дай Яңшу: «Өлеңде ұйқас пен өлең қалыбына түсетін сөз-сөйлемдерге бас ұру, өлеңнің табиғи сезім ағысын бөгеп, оның келбетті бет-бейнесін қалыпсыздандырады» [2, 12 б.] деген көзқарасты, қытайдың бір қалыптан бір сүйем ауытқымайтын «төрт бұрышты» көне өлең түрін қирату мақсатында алға қойған болатын. Осы орайда, әлемге әйгілі бірқатар өлеңдердің де ұйқассыз-ақ дүниеге келгендігін айта кету артық болмас. Мысалы, Американың әйгілі ақыны Уолт Уитменның «Жапырақтар» атты өлеңдер жинағы мен қытайдың көрнекті ақыны Ай Шиңнің «Даяң өзені - менің анам» [2, 12 б.] атты дастаны бүкілдей ұйқассыз жазылған жырлар екендігі бізге мәлім. Ал қазіргі қазақ өлең өрісінде ұйқассыз өлеңдер «Ақ өлең» деген атпен аталып жүргендігі көпке жария жайдың бірі. Бұл ойымызға дәлел ретінде талантты ақын Ұлықбек Есдәулетовтің «Ақкеруен» жинағындағы мына бір өлең шумақтарын көлденең тартуға болады.

Өшіріп жатыр суретші  
Қағазға түскен кескіннің  
Көңілге кеміс көрінген  
Керексіз, құнсыз тұстарын.  
Өшіріп жатыр бет жүзін  
Күлгені үшін өтірік,  
Өшіріп жатыр көздерін  
Қарағаны үшін қастықпен.  
Немесе:

Сусамырды суарған  
Шөлейттегі шыңырау.  
Сырты аппақ, іші саз  
Менің жаным секілді [3, 77 бб.].

Бұл үш шумақ өлеңнің бойынан ұйқас тұрмақ оның көлеңкесін де кездестіре алмағанымызбен, олар оқырмандарын образды ойнақылығымен баурап, өзінің әдемі өлең екендігін әйгілеп тұр. Оның себебі ақын онда өлеңнің ұйқастық қағидасына сүйенбей-ақ, өзінің ішкі жан дүниесін өлеңнің тұңғық құрылымына суша сіндіріп жіберген. Өйткені «қазақтың көне поэзиясында дәл бүгінгі мағынадағы ұйқас шамалы, құдіретті Қазтуған, Шалкиіз туындыларын ішкі ұйқас, басқы ұйқас, сан алуан бояуларын ой ұстап тұр. Батырлар жырын, билер толғауын, термелерді алыңыз, дәл осы құбылыстар қайталанады. Ендеше қазақ поэзиясына ақ өлең сырттан келген кірме емес, өз топырағында бар, ежелден келе жатқан қазына» [4, 129]. Сондықтан бұл шумақтарды ұйқассыздығына қарап өлең емес деуге болмайды. Оның керісінше мына бір шумақты өлең деуге бола ма, жоқ?!

Анадан алдың қанша жол.  
Мынадан алдың қанша бет.  
Онан да санын қамтып мол  
Кассада ала салсаң ед [5, 292 б.].

Бұл шумақты «жол» мен «мол», «қанша бет» пен «салсаң ед» деген сияқты шымыр ұйқастар, оны сыртқы түр жақтан өлең қатарына қосып тұрғанымен, өлеңнің ішкі мәні суыққол бір ақынға ана ақыннан қанша жол, мына ақыннан қанша бет өлең ұрладың? Өйтіп күн көргенше, өлеңді кассада молырақ сатып алсаң болмас па еді?! - деп, ол ақынның дегдар кейпіне ескерту жасайды. Бұл «өлең» ой-сезім мен елестен, бүкпелеу мен ақындық тұлғадан әрі образды да ойнақы, суретті тілден мүлде алшақ. Тіпті, ондағы «Өлеңді кассада ала салсаң болар еді» деген секілді ешбір ақылға сыймайтын қисынсыздықты көргенде төбе шашың тік тұрады. Бұл жайт С. Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» деген мақаласында Абай мен А. Байтұрсынұлының және М. Дулатовтың көңілге қонымды өлең шумақтары мен жолдарына сүйіне келіп: «Күндікке ізденіп, өзіңше ойыңнан ұйқасыңқырап шыққан керекті, керексіз сөзді «өлең» деп қуанып жаза беру - дерті жоқ кісінің ыңқылдағаны, толғағы жоқ қатынның бебеулегені қандай жексұрын болса, бұл да сондай жексұрын болады. «Қисынсыз қышқырған неткен тантық" деп Абай айтқанның кебіне ұшырап жүргендер көп» [6, 142 б.] деген жүйелі пікірін еске түсіреді. Сондықтан бұл шумақтың ұйқасы қанша шымыр әрі мінсіз болғанымен, оған қарап, оны өлең деп айтуға ауыз бармайды. Өйткені ұйқас суреттеу мен бүкпелеуден және лирикалық жан сезімнен айырылып қалатын болса, онда ол жалаң ойды ғана бейнелейтін баяндау сипатындағы бейнелеу тәсіліне айналып қалады.

Әдебиеттанушы Әбділда Тәжібаевтың: «Ұйқас - ақынның өзі, оның ойы, сезімінің жанды толқыны, ауыр еңбектің жемісі» [7, 303 б.] дегені секілді ұйқас ақынның «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүруін көтермейтін, өлеңнің ішкі жан дүниесімен тікелей байланысып жататын күрделі құрылым.

Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай: «Ұйқас - өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе» [8, 278 б.]. Сол себепті ұйқасқа түскеннің бәрін бірдей өлең санайтын қарабайыр көзқарастың дұрыс емес екендігін, «ұйқасқа түсіріліп, буын саны түгелденіп, бір ырғақта оқылатын дүниенің бәрі өлең емес» [9] деген пікірді тағы бір рет дәлелдейді. Сондықтан біз өлең ұйқасына өлең анықтамасы тұрғысынан емес, қайта өлеңнің өзекті ерекшеліктерін құрайтын сан қырлы көркемдегіш құралдардың тек біреуі ғана деп қарауымыз керек. Сол тұрғыда қазіргі қазақ өлеңіндегі ұйқас туралы жаңсақ түсінікке өзгеріс енгізу қажет болып отыр. Яғни біз ұйқасты баяндау, пайымдау, суреттеу, лирика секілді ойды ойға жеткізудің бір тәсілі ретінде қарастырғанымыз жөн секілді. Бұған мысал ретінде ұйқаспен жымдасып келетін мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды және тақпақтарды, сонымен бірге тақпақтың айналасында жүрген сарынды өлеңдерді көлденең тартуға болады.

Ынтымақсыз елді ұрысы билейді.

Ынтымақты елді дұрысы билейді.

Тірлік басқа болса да, тілек бір.

Бармақ басқа болса да, білек бір.

Итпен ит ырылдасса, тамағының тоқтығы.

Жігітпен жігіт қырындасса, ынтымағының жоқтығы.

Жері азған елде тоқшылық болмайды.

Ері ынтымақты елде жоқшылық болмайды - деген секілді мақалдардағы ұйқастар ойды белгілі дәрежеде тақпақтап бейнелеуге жетелеп тұр. Егер бұл мақалдардағы ұйқастарды алып тастайтын болсақ, онда мақалдар өзінің өміршеңдігінен айрылыады. Тіпті, олар пайымдау сипатындағы құрмалас сөйлемге өзгеріп, оқырманға немесе тыңдарманға ешқандай әсер ете қоймайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір мақалдың ұйқасын өзіне мәндес сөздермен алмастырып, одан соң оқып көрейік.

Ынтымақсыз елді ұры-қары билейді.

Ынтымақты елді адамгершілігі мол, білімді адам билейді.- дейтін болсақ, онда бұл мақал мақал емес, екінің бірі айта білетін әдеттегі пайымдауға айналып қалады. Сондықтан бұл арадағы ұйқас ойды ойға тақпақтау арқылы жеткізіп тұрған тасымалдаушы тәсіл екендігін аңғарамыз. Сол секілді мына бір жұмбақта да ұйқас ойды тақпақтап бейнелеуші тәсіл ретінде көзге түседі.

Күндіз жатып, түнде ұшып,

Жерден тышқан аулайды.

Болмаса ғой біз тұмсық,

Мысықтан бір аумайды (үкі) [10, 215 б.].

Бұл жұмбақтағы «түнде ұшып, біз тұмсық немесе аулайды, аумайды» қатарлы ұйқастарды алып тастап, оны қара сөзге айналдыратын болсақ, онда ол баяндау тәсіліндегі сөйлемдер тізбегіне айналып қалады да, оның мазмұнында ешқандай өзгеріс болмайды. Тек тақпақтық қасиеті жоғалады.

Ойды ойға тақпақтап жеткізу тәсілінен баяндау тәсіліне ауысады. Сол секілді

Асың, асың, асыңа,  
Береке берсін басыңа!  
Бөденедей жорғалап,  
Қырғауылдай қорғалап,  
Қыдыр келсін қасыңа!  
Сенен байлық өтпесін,  
Тәңірі берген берекең  
Тепкілесе кетпесін.  
Желіңнің екі шетіне,

Тай шаптырса жетпесін! – деп келетін бұл батаны да ұйқастан айырып тастасақ, «асыңа береке берсін, Қыдыр ата қасыңа келсін, байлық сені айналып өтіп кетпесін, Тәңір берген берекең біреу зорлық көрсетсе де, сенен алыстамасын, биебауыңның желісі ұзын болсын, құлын-тайың көп болсын» деп келетін ниет пен тілекті білдіретін дастархан басындағы тілек немесе тост сипатындағы қарасөз шоғырына айналып қалады да, баталық беделін жоғалтады. Сөйтіп бұл батаның да ұйқастың тақпақтау тағылымымен қатысты екендігін аңғарамыз.

Келеді ұшып бір топ қаз,  
Суалып көлі болып саз.  
Ескі жерге оралмақ,  
Мұны білмей жалғыз қаз.  
Есенсіз бе, жүз қаз,

Деді келіп бір қаз.  
Мойнын бұрып бастаушы,  
Білдірді оған былай наз.  
- Топқа тағы осындай  
Жетпей түр ғой қосылмай.  
Оның және ширегі,  
Болсын жарты керегі.  
Өзің жалғыз кезіккен,  
Қосыларын сезіп пе ем?!  
Бәрін бірге жинайық,  
«Жүз» атауын сайлайық,  
Қанша едік баста біз?  
Деп Сізді де қинайық.

«Жүз қаз» есебі деп аталатын, жауабы 36 қаз болып шығатын қазақтың бұл қара есебі де былай қарағанда өлең. Алайда оның мазмұны ой жүгіртіп, есептеуді талап ететін кәдімгі есеп. Оның пішініндегі ұйқас, ырғақтарына қарап, бұл әдемі өлең десек дұрыс бола ма? Әрине, дұрыс болмайды. Өйткені бұл есептік «өлеңде» бейнеленген мазмұн басты орында тұр. Өлең түрі сол мазмұнды бейнелеп көрсету үшін қызмет атқарып отырғандығы анық. Сондықтан «Жүз қаз» есебі атты бұл халық туындысы ойды бейнелеу барысында баяндау сипатында емес, тақпақтау тәсілін пайдаланып

отырғандығы белгілі деуге болады.

Енді «Күшігім» деп аталатын балаларға арналған мына бір тақпақты оқып көрейік:

Есті менің күшігім,  
Жатырқауды білмейді.  
Мазасын ап кісінің  
Құр бекерге үрмейді.

Тыныш жат деп орнында,  
Қойғам оған тапсырып.  
Ал бұзақы болдың ба,  
Күтпе одан жақсылық [10, 200 б.].

«Жатырқауды білмейтін менің ақылды күшігім елдің мазасын алып бекерден-бекер үрмейді. Мен оған үйшігінде тыныш жат деп тапсырма беріп қойғанмын. Егер сен бұзақылық істесең, ол сені қауып алады» – деген ойды ойға жеткізіп тұрған екі шумақ тақпақты барлық ұйқасынан айыратын болсақ, онда бір шоғыр қарасөз қатары туындайды да, бұл тақпақ тақпақ емес, әңгіме желісіне айналып қалады. Сөйтіп тақпақтау құрылымды ойды ойға жеткізу пішіні баяндау тәсілімен әңгімеге айналады. Жылпы «балалар поэзиясындағы өлең – балаларға арнап жазылатындықтан идеясы тәрбиелік мақсатқа негізделетін, поэзиялық формадағы көркем шығарма. Балаларға арналған өлең лирикалық мазмұнмен ғана шектелмейді, қажет болған жағдайда эпикалық, драмалық сипаттарда еркін қолданыла береді. Негізгі ерекшелігі – поэзиялық формада берілген көркемдік мазмұнның қандайда бір тәрбиелік мақсатқа қызмет етуі» [11, 90 б.]. Сол себепті балаларға арнап жазылған өлеңдердің денін тәлім-тәрбиелік мәні бар тақпақтар құрайды. Ал тақпақ дегеніміз ырғақ пен ұйқасты ойды бейнелеу тәсілі негізінде пайдаланатын әрі көркемдік амал ретінде қолданатын «поэзиялық форма» екендігі бізге жасырын емес.

Бұл ойымызды одан ары дәлелдеу үшін Тоқтарәлі Таңжарықтың «Мазасыз түн» атты мына бір өлеңіне назар аударып көрейік.

Шошимын түсіме еніп,  
Дәруіштердің сараң ғұмыры.  
Ұйықтайды жанарымның ішіне еніп,  
Әлемнің бар қараңғылығы.  
Қиялдың жүйрік атымен  
Барып кеп балашағыма.  
Түнеріп тағы да отырам  
Бал ашып болашағыма.  
Бастайды мені ойға сан  
Батқан құндыз – күн.  
Тағдыры жайлы толғатам  
Аққан жұлдыздың.  
Қашан бір осы тұманнан  
Айығар алап.



Жетім жер үшін мұңаям,  
Айыма қарап...  
Сиқырлы самал өсегін  
Таратқан лезде.  
Талықсып қалғып кетемін  
Таң атқан кезде [12, 20-21 бб.].

Бұл өлеңдегі лирикалық меннің түсіне дәруіштердің сараң ғұмыры кіріп, әлемнің бар қараңғылығы жанарының ішіне ұялап, ұйқыға басып, қиялдың жүйрік атына мініп, балалық шағына барып-келіп жүреді де, болашақ өмірі үшін өзіне өзі бал ашып, түнеріп отырады. Батқан күн терең ойға жетелеп, аққан жұлдыздың тағдыры жайлы ой толғап, қиял қызығына еріп, толғатып отыратын лирикалық мен айналам тұманнан қашан айығады екен деп, аспандағы Айға қарап, жетім жердің тағдыры үшін мұңайып отырып, таңғы самал өсек айтып, өрлі-қырлы шақпылаған кезде барып талықсып, қалғып кетеді. Аталмыш өлеңдегі ұйқастарды алып тастап, қарасөзге айналдырған кезде де, ол өзінің өлеңдік қасиетін жоғалтпай тұрғандығы бізді таңдандырмай қоймайды. Ондағы «Дәруіштердің сараң ғұмыры», «Әлемнің бар қараңғылығының ақын жанарының ішіне еніп ұйықтауы», «Қиялдың жүйрік атымен балалық шағына саяхаттап, барып келуі», «Болшағына бал ашып, түнеріп отыруы», «Батқан Күн мен аққан Жұлдыз тағдырының лирикалық менді ой-толғам иіріміне бастауы», «Жетім жер тағдыры үшін Айға қарап, мұңаюмен бірге айналаны бұркеген қалың тұманнан қашан құтылатындығы жайлы енжарлығы», «Сиқырлы самалдың өсек таратуы» сынды жан дүниенің ойран-топыр арпалысынан соңғы «Лирикалық меннің қалғып кетуі» қатарлы суретті де көркем образды көріністердің бәрі де бұл өлеңнің тек ұйқас құдіретімен кеуде керіп тұратын такпақ немесе сарынды өлең еместігін айқын дәлелдеп тұр. Өйткені өлеңнің тұтас тұлғасында «түсіме еніп, ішіне еніп, сараң ғұмыры, қараңғылығы» деген секілді ұйқастардан тыс эпитет, кейіптеу сынды ойды ойға көркемдеп жеткізетін көркемдеу амалдары нақтылап айтқанда стилистикалық бойнаулар барынша ұтымды қолданылған. Бұдан тыс өлең құрылымының логикалық қисындылығы мен лирикалық меннің айтар ойын төте айтпай, суретті елестердің емеуріні арқылы бүкпелеп жеткізуі де оқырманның ойынан шығып отыр. Бұл өлеңнің сыртқы кескін-келбетінің ырғақты бояуы болған ұйқас қана емес, ішкі иірімі аясындағы өзара жымдасқан ойды көркемдеп жеткізудің көп жақтылы амалдары да жұдырықтай жұмылып, өлеңнің дарынды өлең болуына қолғабыс еткендігі белгілі болып отыр. Сөйтіп өлең бір ғана ұйқас емес, көп жақтылы көркемдеуіш амалдардың туындысы екендігін ойға салып тұрғандай түйсік береді. Сондықтан өлең өнерін тек ұйқастың уысына ғана тастап беру көркем әдебиеттегі түршілдіктен басқа еш нәрсе емес деп айтуға болады.

Қазіргі қазақ өлең өнерінде түршілдік белең алып отырған бүгінгі күнде дарынды өлең мен сарынды өлеңнің аражігін ажырата білу өлеңтанудың ең басты түйіндерінің бірі болып отырғаны бізге жасырын емес. Өйткені «ақынның суреткерлік дәрежесі мен сөз қолдану мәдениеті де, оның шығармаларының көркемдік сипаты да қолданылған сөздердің жалаң сандық

молдығынан емес, ішкі ой сұлулығын бедерлік үйлесімді сөз асылын сұрыптап, талғап қолдана білуі арқылы танылады» [13, 170 б.]. Сол себепті жоғарыда біз тілге тиек етіп отырған өлең дарынды өлеңге тән өзіндік қағидаларды сақтамаған болса, онда ұйқастарынан айырылған кезде-ақ ол сарынды өлеңге айналып шыға келген болар еді.

Әпкетайым, әкемнің қарындасы,  
Ерке ініңнің сәлемін қабылдашы.  
Көп болды, - деп, - ат ізін салмағалы,  
Отырсың ба үйінде балыңды ашып?

Інің едім өзіңе бауыр басқан,  
Біздің үйде жүрсің бе ауырмастан?  
Самарханнан жолдадым осы хатты.  
Оқып жүрмін гүлдей боп сәуір ашқан.

Өзіңді мен анамнан кем көрмеймін,  
Кісіні кемсіткенді жөн көрмеймін.  
Басынып бәзбіреудің бетіне кеп,  
Ауыр сөз айтуына жол бермеймін.

Тілерім, әпкетайым, ұзақ ғұмыр,  
Жүре бергін жасарып жерге жұмыр.  
Тырнаққа зар өттім, - деп өкінбе тек,  
Перзенттерім өзіңнің балаң боп тұр [14, 76 б.].

«Әпкеме хат» атты бұл өлеңді әрең зорға оқып болып, бірден бұл өлең емес дейтін болсақ, онда өлең иесі немесе кез келген бір оқырман: «Бұл төрт шумақ неге өлең емес?» - деген сұрақты қоюы әбден мүмкін. Өйткені ондағы «қарындасы, қабылдашы, балыңды ашып» деген секілді ұйқастарды көлденең тартып, оның өлең екендігін дәлелдеуге тырысатындығы сөзсіз. Біз ең алдымен бұл өлеңде ұйқастан басқа көркем суреттік бейнелер мен образды көріністердің ұшқыны бар ма деген сұрауға жауап іздейтін болсақ, онда бұл өлеңнің бойынан «Отырсың ба үйінде балыңды ашып?» деген сынды астарлы сөйлемнен тыс, «Оқып жүрмін гүлдей боп сәуір ашқан» деген теңеуі бар сөйлемнен басқа ешбір суретті немесе бүпелеу сынды көркемдік тәсілді кездестіре алмаймыз. Сол себепті «Жүре бергін жасарып жерге жұмыр» деген секілді грамматикалық қателігін ескермеген күннің өзінде, біз бұл өлең тек ұйқасқа сүйеніп өлең болып тұр деген қорытындыға келеміз. Жоғарыдағы өлеңді әуелдегі әдетіміз бойынша әрбір шумағын ұйқастан айыратын болсақ, оның ойды ойға жеткізудің қандай бейнелеу тәсіліне айналатындығы ешкімге жасырын емес. Сол байағы баяндау негізіндегі «Ерке ініңнің сәлемін қабылдашы» немесе «Тілерім, әпкетайым, ұзақ ғұмыр» деген секілді талап-тілек пен «Өзіңді мен анамнан кем көрмеймін, адамды кемсіткенді дұрыс санамаймын» деген сияқты меннің өз пікірі мен түсінік, түйсігі ғана жалпы төрт шумақтың өне бойын жаулап алған. Өлеңде көзге түсетін көркемдік бейне мен образды ойнақылық жүлгесі мүлде жоқтың қасы. Бұл өлеңнің қара

сөзбен жазатын жай хаттан айырмашылығы тек ұйқастар тізбегі мен ырғақтық желінің болуы ғана. Ұйқас бұл арада кең мағынада ойды ойға жеткізу тәсілі болып табылатын тақпақтау тәсілін меңзеп тұрса, ал тар мағынада ойды көркемдеп жеткізетін теңеу, кейіптеу, шендестіру қатарлы тілді көркемдеу амалдары қатарында көзге түсіп отыр. Сондықтан аталмыш өлең ойды ойға жеткізіп берудің баяндау, пайымдау, суреттеу, сезімдік толам немесе лирика секілді бұдан бұрын ойымыздан қағыс қалып жүрген, солармен терезесі тең дәрежеде тұратын тақпақтау тәсілі негізінде жазылған өлең екендігін бірден аңғаруға болады. Өйткені «хат өлең – арнау өлеңнің бір түрі. Қазақ өмірінде өлеңмен хат жазысу ертеден орын алған. Кейін бұл үлгі поэзияға келді. Абайдың «Мен сәлем жазамын» деп басталатын өлеңі хат өлең үлгісінде берілген» [15, 221 б.] өлең екендігі бәрімізге белгілі.

Бұдан тыс қазір қара сөзбен жазылған дүниелер немесе прозалық шығармаға арқау болатын ауқымды оқиғаларды ұйқаспен көмкеріп, ырғаққа түсіріп, тақпаққа айналдыру ауқымы өлең шығармашылығы есептеліп, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті. Мысал үшін Абайдың отыз бірінші қара сөзін тақпаққа немесе сарынды өлеңге айналдырған Серхан Маликтің «жасампаздығына» назар аударып көрейік:

Естігенді ұмытпасқа төрт амал бар:  
Әуелі, көкіректе бекітіп байлау болар.  
Екінші, есті, көр, үлгі алып, ынталан,  
Үшінші, қайта ойланып қойсаң жарар.

Төртінші, ой кеселден сақтаныңыз,  
Кез болса салынып қалма жалғыз.  
Ақыл мен ғылымды тоздыратын,  
Күлкішіл, салғырттық, бұл – уайымсыз.

Бұл өлең жолдарынан оқырманның қалай эстетикалық ләззат алатындығын өз басым білмей-ақ қойдым! Сөз саптауы тұрмақ ұйқастары да жөнді қиыспай тұрған бұл екі шумақты өлең деп тану өлең өнерін қорлаудан басқа ешнәрсе емес. Тармақтарға бөліп, «бар», «лар», «ар» немесе «сақтаныңыз», «жалғыз» және «уайымсыз» деген аш ұйқастарынан басқа сөз-сөйлемдері Абайдың өз қолымен жазған төмендегі мына «Отыз бірінші қара сөзінен» не айырмашылығы бар?!

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» дейді Абай.

Абайдың «Отыз бірінші қара сөзін» басқа бір қырынан өлеңге айналдырған ақын Әлібек Шегебайдың төмендегі мына өлеңі жоғарыдағы «өлеңге» қарағанда едәуір көркем әрі ойға қонымды екендігі оның ұйқастары

мен ырғақтарының қисынынан айқын аңғарылып тұрғаны белгілі.

Көнеден жеткен сөз ғой дерегі бар,  
Жараса қажетіңе керегін ал.  
Естіген нәрселерді ұмытпаудың,  
Төрт түрлі ең негізгі себебі бар.

Ар менен адалдықты қайрау бөлек,  
Серт пенен сенімнен де таймау керек.  
Сәулесін ой, сананың берік қылып,  
Әуелі көкіректі байлау керек.

Ұлықтап көрсететін ұлт таңбасын,  
Рухы түпсананың бұлттанбасын.  
Екінші – естігенде я көргенде,  
Тұшынып, ынтаменен ұққан ләзім.

Ақиқат жоғалмайды кешіккенмен,  
Көргенің артық болмақ есіткеннен.  
Үшінші – сол нәрсені бірнеше уақыт  
Қайталап ой, көңілге бекіткен жөн.

Жүректер зікірменен тынышталмақ,  
Өсектің күнә көзі – сыбыс болмақ.  
Төртінші – ой кеселі нәрселерден,  
Бойыңды таза ұстаған дұрыс болмақ.

Уайымсыз салғырттық пен күлкішілдік,  
Қайғыру, құмарлану бұл бір сұмдық.  
Білгенге бұл төртеуі күллі ақыл мен  
Ғылымды тоздыратын қу тіршілік!

Бұл шумақтардан «Сәулесін ой, сананың берік қылып, Әуелі көкіректі байлау керек.», «Рухы түпсананың бұлттанбасын», «Өсектің күнә көзі – сыбыс болмақ» деген секілді поэтикалық құны бар сөйлемдерді кездестіріп, дарынды өлеңге тән суреткерліктің болымсыз сұлбасын сезінгендей болғандығымызбен, алайда пайымдау сипатындағы:

Уайымсыз салғырттық пен күлкішілдік,  
Қайғыру, құмарлану бұл бір сұмдық.  
Білгенге бұл төртеуі күллі ақыл мен

Ғылымды тоздыратын қу тіршілік! – деген секілді 6 шумақ өлең жолын оқып отырып, «күлкішілдік», «бұл бір сұмдық», «қу тіршілік» деген секілді ұйқастардың құдіретімен ғана өлең жолдарына айналып тұрғандығын аңғару қиын емес. Егер бұл өлең шумақтарының ұйқастарын алып тастап, қара сөзге айналдыратын болсақ, онда ол сол баяғы Абайдың өз қолымен жазған отыз бірінші қара сөзінің дәл өзі болып шығатындығында дау жоқ. Сондықтан бұл жерде ұйқас пен ырғақтың атқарып тұрған ролі өте зор екендігін аңғаруға

болады.

### **Қорытынды**

Қысқасы, біз бұл арада ұйқас пен ырғаққа түскеннің бәрі де өлең болатындығын да жоққа шығара алмаймыз. Алайда жалпы қазақ өлеңін оқырманның эстетикалық қабылдау түйсігі негізінде сарынды өлең және дарынды өлең деп екі топқа бөлетін болсақ, онда бұл өлең дарынды өлең емес, сарынды өлең болып шығады. Өйткені онда ұйқас пен ырғақтан басқа тіл суреткерлігі мен көркем образдылыққа тән ақындық шеберліктің ешқандай бір белгісі көрінбейді. Одан ұйқастың ұлылығы мен ырғақтың сазды сарынын ғана аңғарамыз да, аталмыш өлеңдегі ой-тұжырымды жан сезіммен емес, ақыл-парасаттық таныммен бойға сіңіреміз. Сол себепті бұл өлең ойды ойға жеткізудің қарапайым тәсілдері болған баяндау, түсіндіру, пайымдау, толқу (лирика), ынтығу секілді ойды ойға жеткізудің көркем тәсілдері суреттеу, бүкпелеу қатарлылармен тең тұратын тақпақтау тәсілін қолдана отырып, Абайдың пайымдау негізінде жазылған ой-тұжырымын ойды тақпақтап бейнелеу тәсіліне көшіріп, оқырманға жеткізіп отырғандығы белгілі. Сондықтан оны дарынды өлең деп есептеуге болмайды. Сарынды өлең деп айтуға болады. Өйткені сарынды өлеңдер ойды ойға жеткізуде тақпақтау тәсілін қолданып, дүниеге келеді де, өз міндетін ақылдық таным деңгейінде ғана орындайды.

Біз жалпы өлеңтану саласында ұйқастың көркемдік мәні мен ырғақтық міндетін айқын ажырата алмағандығымыз себепті, бұдан бұрынғы өлеңтану саласы бойынша өлең түсінігінде көптеген қателіктерге бой алдырдық. Ұйқасқа түскен шумақтардың бәрін бірдей таңдаулы өлең деп есептедік. Сөйтіп тау да, бау да, шөгір де, шөңке де өлеңге айналып, өлең деген қасиетті қара шаңырақтың бет-беделі құлази бастады. Екіншісі, егіздің сыңары ақын деген атаққа ие болып шыға келді де, тақпақтар мен сарынды өлеңдердің дәурені жүріп, дәм-татусыз өлең жинақтарының алатайы өлең өлкесінде асыр салып, оқырмандардың эстетикалық қабылдау түйсігін бүлдірді. Енді біз бұл мәселеге өлеңдегі ұйқас шеңберіндегі осы бір назариялық негіз бойынша көз жүгіртетін болсақ, онда бұл мәселе дұрыс шешімін табады деген ойдамыз.

### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 285 б.
- [2] Сыжиң У. Өлеңнің негізгі қағидасы. – Пекин: Жұмысшылар баспасы, 1987. – 432 б. [Қытай тілінде]
- [3] Есдәулетов Ұ. Ақкеруен. – Алматы: Жазушы, 1988. – 136 б.
- [4] Нұрғалиев Р. Сырлы сөз. – Алматы: Жазушы, 2000. – 400 б.
- [5] Нұрұлы М. Намыс. – Пекин: Ұлттар баспасы. 1986.
- [6] Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы: Ғылым, 1993. - 200 б.
- [7] Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: 1960. – 487 б.
- [8] Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- [9] Әлім А. //Қазақ әдебиеті. 2001. 19 қаңтар. – 4 б.
- [10] Қалиұлы С. Біз шадыман баламыз: Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегі өлеңдер, поэмалар. – Алматы, «Өнер 21-ғасыр» қоғамдық қоры, 2013. – 384 б.
- [11] Бүгінгі әдебиеттану: жанр және көркемдік ізденіс (ұжымдық монография). –

Астана: ЕҰУ, 2017. — 336 б.

[12] Тоқтарәлі Таңжарық. Түн парақтары. Өлеңдер. — Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2008. — 64 б.

[13] Арыққарақызы Е. Моңғол қазақтары поэзиясы және ақын Кәкей Жаңжұнұлы, зерттеу. — Алматы: Ақотау баспасы, 2009. — 208 б.

[14] Рахматолла Мұхитдинов. Жүзім бағы: Жыр жинағы. — Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2007. — 112 б.

[15] Әдебиет терминдерінің сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 240 б.

## REFERENCES

[1] Kaidar A. Actual problems of the Kazakh language / A. Where — Алматы, 1998. — 285 b. [in Kaz.]

[2] Poison Syringe. The main principle of the poem. — Beijing: Workers' Publishing House, 1987. - 432 b. [in Chinese]

[3] Esdauletov N. Aқkeruen [Akkeruen]. — Алматы: Writer, 1988. — 136 b. [in Kaz.]

[4] Nurgaliev R. Syrly söz [A mysterious word]. — Алматы: Writer, 2000. — 400 b. [in Kaz.]

[5] Nuruly M. Namys [Honor]. — Beijing: Publishing House of Nations. 1986. [in Kaz.]

[6] Toraygyrov S. Eki tomдық shyғarmalar zhinaғы [A collection of works in two volumes]. Volume 2. — Алматы: Science, 1993. — 200 b. [in Kaz.]

[7] Tajibaev A. Өmir zhәне poeziya [Life and poetry]. — Алматы: 1960. — 487 b. [in Kaz.]

[8] Kabdolov Z. Sөz өneri [Word art]. — Алматы: Kazakh University, 1992. — 352 b. [in Kaz.]

[9] Alim A. Kazakh literature. 2001. January 19. — 4 b. [in Kaz.]

[10] Kaliuly S. Biz shadyman balamyz: Өлеңдер, zhұmbaқтар, zhaңyлtpashtar, ertegi өлеңдер, poemalar [We are happy children: Poems, riddles, riddles, fairy tales, poems]. — Алматы, "Art 21st century" public fund, 2013. — 384 b. [in Kaz.]

[11] Bүgingi әdebiettanu: zhanr zhәне көrkemdik izdenis [Today's literary studies: genre and artistic search] (collective monograph). — Astana: NYU, 2017. — 336 b. [in Kaz.]

[12] Toktarali Tanjarik. Түн парақтары. Өлеңдер [Night sheets. Poems]. — Алматы: "Zhalin Baspasy" LLP, 2008. — 64 b. [in Kaz.]

[13] Arykkarakovyna E. Моңғол қазақтары poeziyasy zhәне ақын Кәкей Zhaңzhұnұлы, zertteu. [Poetry of Mongolian Kazakhs and poet Kakei Zhanzhunuly, study]. — Алматы: Akotau Publishing House, 2009. — 208 b. [in Kaz.]

[14] Rahmatolla Mukhitdinov. ZHүzim baғы: ZHyр zhinaғы [The Vineyard: A Song Collection]. — Алматы: World Kazakh Association, 2007. — 112 b. [in Kaz.]

[15] Әdebiет terminderiniң sөzdigi [Dictionary of literary terms]. — Алматы: Mother tongue, 1996. — 240 b. [in Kaz.]

## СПОСОБЫ ВЫРАЖЕНИЯ МЫСЛЕЙ И РИФМЫ В СТИХАХ

Жылқыбекулы Б.<sup>1</sup>, Даутулы Т.<sup>2</sup>, Турсынали Ж.<sup>3</sup>, \*Джелдыбаева Р.Б.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Евразийский Национальный Университет имени Л.Н.Гумилева  
Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет,  
институт Филологии, кафедра Казахская литература, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>, <sup>4</sup>КазУМО и МЯ имени Абылай Хана, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Из-за того, что в стихотворении мы не смогли четко отличить художественную сущность и ритмическую задачу рифмы от темы стихотворения, в более ранней стихотворной области возникли путаницы и ошибки в понимании стихотворения.

Ритм и рифмованные строфы считались одинаково настоящей поэзией. На этой же основе была подчеркнута внешняя структурная система стихотворного искусства, в частности, особенности, подчеркивающие музыкальность стихотворения, такие как слог, стопа, ритм, рифма, а также его внутренние выразительные особенности, такие как живописность, образность и перефразирование. Так сложились сильные взгляды на развитие и процветание казахского поэтического искусства. Процесс становления поэтом, воплощающим в жизнь четыре стиха, начал набирать обороты на фронте литературного творчества. Творчество таких поэтов оценивалось и критиковалось на уровне высокого художественного критерия стихотворения. Потому что направление изучения теории стихотворения не могло не выходить за рамки анализа только структурной специфики стихотворения. Даже те, кто называл сочинения, написанные простыми словами, прозаическими стихами, с каждым днем становились все более обильными. Возникли мысли, которые нельзя было различить между стихом и словом назиданием. Взгляды и представления о поэтических особенностях в художественном литературном творчестве обветшали, в стихотворении стали занимать место примитивные суждения. Не как поэтическое искусство, а как профессия, написание стихов выделялось не столько творчеством высокого уровня, сколько «производством».

Учитывая такие пробелы в стиховедении, на основе конкретных примеров и фактов этот научный труд, в котором подчеркивается необходимость новых изменений в стиховедении, проводит ритмический анализ особенностей стихов и стихотворений и эссе, акцентирует внимание на его роли в стиховедении, выявляет важность ритма в процессе изложения мысли с помощью неопровержимых доказательств - фактов.

**Ключевые слова:** стихотворение, стишок, рифма, ритм, поэтическое стихотворение, одаренное стихотворение, лирика, поэтическая личность, способы выражения мысли

## WAYS OF EXPRESSING THOUGHTS AND RHYMES IN POETRY

Zhylkybekuly B.<sup>1</sup>, Dautuly T.<sup>2</sup>, Tursunali Zh.<sup>3</sup>, \*Jeldybaeva R.B.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Institute of Philology,  
Department of Kazakh Literature, Almaty, Kazakhstan

<sup>3,\*4</sup>Kazakh Ablai khan *University of International Relations and World  
Languages*, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** Because of our failure to clearly distinguish the artistic essence and rhythmic task of rhyme from the theme of the poem, confusion and misunderstanding of the poem arose in the early field of poetry. Rhythm and rhyming stanzas were regarded as real poetry. On the same basis, the external structural system of poetry was emphasised, especially the features that emphasise the musicality of the poem, such as syllable, foot, rhythm, rhyme, as well as its internal expressive features, such as picturesqueness, imagery and paraphrase. In this way, strong opinions were formed about the development and flourishing of Kazakh poetic art. The process of becoming a poet who embodies the four verses began to gain momentum on the front of literary creation. The works of such poets were evaluated and criticised at the level of the high artistic criterion of the poem. Because the direction of the study of the theory of poetry could not go beyond the analysis of the structural peculiarity of the poem. Even those who called works written in simple words prose poems became more numerous every day. Thoughts arose that could not distinguish between verse and words of edification. The representation views of poetic features in artistic literary creation - became dilapidated, and primitive judgements began to take their place in verse. Not as a poetic art, but as a profession, poetry became a "production" rather than a high-level creative endeavour.

Considering such gaps in verse writing, based on concrete examples and facts, this scholarly

work, which emphasises the need for new changes in verse writing, conducts a rhythmic analysis of the features of verse and poems and essays, focuses on its role in verse writing, and reveals the importance of rhythm in the process of expounding thought with hard evidence - facts.

**Keywords:** poetry, poem, rhyme, rhythm, poetic poem, gifted poem, lyric, poetic personality, ways of expressing thoughts

*Мақала түсті: 20 наурыз 2024*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Жылқыбекұлы Бекқожа – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті, e-mail: [bekhoja\\_astana@mail.ru](mailto:bekhoja_astana@mail.ru)

Дәуітұлы Тұрсынбай – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушысы, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, филология институты, қазақ әдебиеті кафедрасы, e-mail: [dautuly\\_2019@gmail.com](mailto:dautuly_2019@gmail.com)

Турсынали Жазира – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, e-mail: [Jazen\\_25@hotmail.com](mailto:Jazen_25@hotmail.com)

Джельдыбаева Р.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

***Информация об авторах:***

Жылқыбекұлы Бекқожа – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский Национальный Университет имени Л.Н.Гумилева, e-mail: [bekhoja\\_astana@mail.ru](mailto:bekhoja_astana@mail.ru)

Даутұлы Тұрсынбай – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, институт Филологии, кафедра Казахская литература, e-mail: [bekhoja\\_astana@mail.ru](mailto:bekhoja_astana@mail.ru), <sup>2</sup>e-mail: [dautuly\\_2019@gmail.com](mailto:dautuly_2019@gmail.com)

Турсынали Жазира – кандидат филологических наук, доцент, КазУМОиМЯ имени Абылай Хана, e-mail: [Jazen\\_25@hotmail.com](mailto:Jazen_25@hotmail.com)

Джельдыбаева Раушан Базкеновна – кандидат филологических наук, профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай Хана, e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

***Information about the authors:***

Zhylkybekuly Bekkozha – Candidate of Philological Sciences, Docent, L.N.Gumilyov Eurasian National University, e-mail: [bekhoja\\_astana@mail.ru](mailto:bekhoja_astana@mail.ru)

Dautuly Tursynbai – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Kazakh National Women's Pedagogical University, Institute of Philology, Department of Kazakh Literature, e-mail: [dautuly\\_2019@gmail.com](mailto:dautuly_2019@gmail.com)

Tursunali Zhazira – Candidate of Philological Sciences, Docent, Kazakh Ablai khan *University* of International Relations and World Languages, e-mail: [Jazen\\_25@hotmail.com](mailto:Jazen_25@hotmail.com)

Jeldybaeva Raushan – Candidate of Philological Sciences, Professor, Kazakh Ablai khan *University* of International Relations and World Languages, e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)